

Д.Е. Абдраманова¹ , Ерментаева А. Р.¹ 
Тұран университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

СТУДЕНТТЕРДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАСАТТЫЛЫҚТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Біздің зерттудің мақсатымыз психологиялық парасаттылық құрылымының студенттердегі даму ерекшеліктерін анықтау.

Әдебиеттерде психологиялық парасаттылықтың анықтамасын жалпылап алсақ, ол тұлғаның өз ойларын, сезімдерін және мінез-құлқын түсіну мен басқару, санылы түрде аңғарумен реттеу, сол арқылы өзінің кез-келген іс-әрекетін, басқа адамдармен тұлғааралық қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыруға қабілеттілікті білдіреді.

Қазіргі кездегі жастардың қарым-қатынастарына өздерінің көңілдері толмауы, өздерінің мінез-құлықтарын, ой-сезімдерін дұрыс игере алмай қалулары жиі кездеседі. Осының салдарынан кейде жастардың өзіне және қоршаған ортаға қауіпті, зиянды жайттар орын алатындығы БАҚ парақшаларынан белгілі. Сондай-ақ буллинг, остракизм түрлері, типті суицидке дейін жету жағдайы студенттерде психологиялық парасаттылықтың жеткіліксіз дамуын көрсетеді.

Мақалада психологиялық парасаттылыққа теориялық талдау және «Психологиялық парасаттылық шкаласы» бойынша эксперименттік зерттеу деректерінің қорытындысы берілді. Осыған байланысты студенттерде психологиялық парасаттылық құрылымының даму ерекшеліктерін зерттедік. Осы мақсатта Психологиялық парасаттылық шкаласын жүргіздік.

«Психологиялық парасаттылық» шкаласы (ағылшынша «Psychological mindedness») тұлғалық ерекшелікті зерттеуге арналған сауалнама. Мұнда адамның психологиялық кейпін, ой-сезімдерін, іс-әрекетін саналы аңғаруға және өзектендіруіне қатысты критериалдық көрсеткіштер алынады.

Эксперименттік зерттеуге Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ерікті түрде 1 курс білім алушыларынан 132 студент қатысты. Біз оларды екі бағыт бойынша екі топқа бөлдік. Бірінші топ қоғамтану және жаратылыстану бағыты, екінші топ

Бұл студенттердің саны ғылыми нәтиженің қажетті деңгейдегі – орташа эффектісін көрсетуге жеткілікті.

Эксперимент барысында осындай ғылыми нәтижелер студенттердегі психологиялық парасаттылықтың даму ерекшеліктерін көрсетті: алғашқы 4 шкала бойынша екі топ арасында маңызды статистикалық айырмашылық байқалмады, бұл студенттердің мәселелерді басқару, әлеуметтік қолдау алудың маңыздылығын түсіну, басқалардың мінез-құлқын зерттеуге қызығушылық сияқты аспектілер бойынша ұқсастығын көрсетеді. Ал соңғы 5-ші шкала жаңа тәжірибелерге ашықтықтың айтарлықтай жоғары болуы қоғамтану және жаратылыстану бағыты студенттерінің жаңа ақпаратты қабылдауға және күрделі жағдайларда шешім іздеуге көбірек бейім екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: психологиялық парасаттылық, өзіндік сана-сезім, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік саналылық.

Д.Е. Абдраманова¹, Ерментаева А. Р.¹
Университет «Туран» (Казахстан, Алматы)

ОСОБЕННОСТИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗУМНОСТИ У СТУДЕНТОВ

Аннотация

Цель нашего исследования — выявить особенности развития структуры психологической разумности у студентов. В литературе, обобщая определение психологической разумности, можно сказать, что это способность личности понимать и управлять своими мыслями, чувствами и поведением, осознанно регулировать их, тем самым эффективно осуществлять любые действия и межличностные отношения с другими людьми.

В настоящее время нередко случается, когда молодежь неудовлетворена своими отношениями, не может правильно управлять своим поведением и мыслями. Вследствие этого иногда возникают опасные для молодежи и окружающей среды ситуации, о которых сообщают СМИ. Также такие явления, как буллинг, остракизм, типичные случаи суицида, свидетельствуют о недостаточном развитии психологической разумности у студентов.

В статье представлен теоретический анализ психологической разумности и выводы из экспериментальных данных по шкале «Психологическая разумность». В связи с этим мы исследовали особенности развития структуры психологической разумности у студентов. Для этого мы провели исследование с использованием шкалы психологической разумности.

Шкала «Психологическая разумность» (англ. «Psychological mindedness») — это анкета, предназначенная для исследования личностных особенностей. В ней учитываются критерии, связанные с осознанным восприятием и актуализацией психологического состояния человека, его мыслей, чувств и действий.

В экспериментальном исследовании приняли участие 132 студента из числа обучающихся 1 курса Казахского национального женского педагогического университета. Мы разделили их на две группы по направлениям: первая группа — обществознание и естествознание, вторая группа — социально-гуманитарное. Число студентов в этих группах достаточно для получения научных результатов с необходимым уровнем — средней эффективностью.

В ходе эксперимента были получены следующие научные результаты, показывающие особенности развития психологической разумности у студентов: по первым четырем шкалам не было выявлено статистически значимых различий между группами, что указывает на сходство студентов в таких аспектах, как понимание важности управления проблемами, получения социальной поддержки и интереса к изучению поведения других людей. В то время как по последней, пятой шкале, значительно более высокая открытость к новым переживаниям у студентов обществознание и естествознание направлений показывает, что эти студенты более склонны к восприятию новой информации и поиску решений в сложных ситуациях.

Ключевые слова: психологическая разумность, самосознание, саморегуляция, социальная осознанность.

Д.Е. Абдраманова¹, Ерментаева А. Р.¹
Turan University (Kazakhstan, Almaty)

FEATURES OF PSYCHOLOGICAL REASONABLENESS AMONG STUDENTS

Abstract

The purpose of our study is to identify the features of the development of the structure of psychological mindedness in students. In the literature, summarizing the definition of psychological mindedness, we can say that this is the ability of a person to understand and control his thoughts, feelings and behavior, consciously regulate them, thereby effectively carrying out any actions and interpersonal relationships with other people. Currently, it is not uncommon for young people to be dissatisfied with their relationships, unable to properly manage their behavior and thoughts. As a result, sometimes dangerous situations arise for young people and the environment, which are reported by the media. Also, phenomena such as bullying, ostracism, and typical cases of suicide indicate an insufficient development of psychological mindedness among students.

The article presents a theoretical analysis of psychological reasonableness and conclusions from experimental data on the scale of «Psychological mindedness». In this regard, we investigated the peculiarities of the development of the structure of psychological mindedness in students. To do this, we conducted a study using a scale of psychological mindedness. The scale of «Psychological intelligence» is a questionnaire designed to study personal characteristics. It takes into account criteria related to the conscious perception and actualization of the psychological state of a person, his thoughts, feelings and actions.

132 students from among the 1st year students of the Kazakh National Women's Pedagogical University took part in the experimental study. We divided them into two groups in the following areas: the first group is social studies and natural sciences, the second group is socio-humanitarian. The number of students in these groups is sufficient to obtain scientific results with the necessary level — average efficiency.

During the experiment, the following scientific results were obtained showing the peculiarities of the development of psychological mindedness in students: according to the first four scales, there were no statistically significant differences between the groups, which indicates the similarity of students in such aspects as understanding the importance of problem management, receiving social support and interest in studying the behavior of other people. While on the last, fifth scale, a significantly higher openness to new experiences among students of social studies and natural sciences shows that these students are more inclined to perceive new information and find solutions in difficult situations.

Keywords: psychological mindness, self-awareness, self-regulation, social awareness.

КІРІСПЕ. Психологиялық парасаттылық - тұлғаның өз ойларын, сезімдерін және мінез-құлқын түсіну мен басқару, санылы түрде аңғару мен реттеу, сол арқылы өзінің кез-келген іс-әрекетін, басқа адамдармен тұлғааралық қарым-қатынасын тиімді жүзеге асыру қабілеттілігі. Сондықтан, психологиялық парасаттылықты тұлғалық диспозиция әрі күрделі құрылымданған, интегралданған қасиет ретінде қарастырамыз. Олай болса, психологиялық парасаттылық студенттердің өздеріндегі психологиялық процестердің барысын және жай-күйлерін саналы аңғаруға, олардың әртүрлі ситуацияда мінез-құлықтағы аффективті және интеллектуалды маңыздылығына қатынасын білдіреді.

Осыған байланысты студенттердің ішкі жан дүниесін тану дәрежесін көрсетуін, ішкі психологиялық кейіп формалары мен қатынастарының мазмұны, «Мен» бейнесінің динамикасы мен эмоциялық саласындағы бағыттарды сипаттайтын деңгейлердің бірін психологиялық парасаттылық ретінде қарастыруға негізделеміз.


Бұл анықтамалар психологиялық парасаттылықты сандық және сапалық көрсеткіштермен сипаттайды.

Аталмыш концепт бастапқыда клиникалық психология мен психиатрияда (Менингер клиникасы) пайда болды. Осыдан клиенттердің психотерапия барысында психодинамикалық тәсіл арқылы жеткілікті деңгейде тиімді нәтиже алуды қамтамасыз еткен [9].

Әдебиеттерде концептінің әртүрлі анықтамалары кездеседі [13] С.А.Аппельбаумның пікірінше, психологиялық парасаттылық – адамның өз ойлары, сезімдері мен әрекеттері арасындағы байланысты өздігінен аңғара алу қабілеті. Мұндай анықтамада адамның қандай мәселе бойынша не ойлайтыны мен не сезетінін, сондай-ақ, соған байланысты қандай әрекеттер жасайтынын анықтаудың маңыздылығына бағдарланғандық байқалады. Басқа анықтамалар психологиялық парасаттылықты адамның өз және басқа адамдардың жүріс-тұрысының, ойлары мен сезімдерінің мотивациясын рефлексиялауға бейімділігін ерекше көрсетеді [16].

Олай болса, психологиялық парасаттылық – тұлғаның өсуіне және оның қоғаммен тиімді қарым-қатынас орнатуына әсер ететін негізгі фактордың бірі, күрделі ықпалдасқан құрылымдық қасиеті болады.

Әдебиеттерде психологиялық парасаттылықтың үш негізгі компоненттен тұратын күрделі жүйе ретінде тараған моделі кең тараған (1 сурет):



1 сурет. Психологиялық парасаттылықтың құрылымы

Сонда психологиялық парасаттылық негізгі үш құрылымнан тұрады: өзіндік сана-сезім, өзін-өзі реттеу, әлеуметтік саналылық. Осы модель негізінде бізде студенттердің психологиялық парасаттылығын дамыту туралы ауқымды зерттеу жүргізудеміз. Ал енді осы үш құрылымға жеке-жеке тоқталайық.

Өзіндік сана-сезім — студенттердің өз «Менін» және өз болмысын түсінуі мен қабылдауы. Бұл ұғым студенттердің өз ойлары, сезімдері, әрекеттері, мақсаттары мен құндылықтары туралы терең түсінікке ие болуын көрсетеді. Өз ойлары мен сезімдерін түсіну, яғни студенттердің өз ойлары мен эмоцияларын, сондай-ақ ішкі мотивтерін сырттан бақылап, сараптау қабілетін білдіреді. Бұл қабілет студенттердің өзіне деген назарын арттырып, оның сезімдеріне қатысты терең түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттер осы процесс арқылы өздерін сырттан бақылап, өз тәжірибелеріне сыни көзбен қарауға және соның негізінде жеке даму мен өзгерістер жасауына жол аша бастайды[26].

Ал, екінші құрылым **өзін-өзі реттеу** - бұл студенттердің өз эмоцияларын, мінез-құлқын, ойларын және іс-әрекеттерін саналы түрде басқара алу қабілеті. Ол өз мақсаттарына жету үшін ішкі ынтаны қалыптастырып, қиындықтар мен кедергілерге жауап ретінде өз әрекеттерін бейімдей білуін білдіреді. Өзін-өзі реттеу адамның психологиялық және эмоциялық тұрақтылығын сақтап, әртүрлі жағдайларда тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді[27].

Үшінші құрылым **әлеуметтік сана** – студенттердің өзара қарым-қатынастарда басқалардың сезімдері, ойлары, көзқарастары мен қажеттіліктерін түсіну қабілеті. Бұл ұғым адамды әлеуметтік ортаның бір бөлігі ретінде танып, өз әрекеттері мен сөздерінің басқаларға қалай әсер ететінін білуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік сана студенттердің әлеуметтік өзара әрекеттесуін, эмпатиясын және тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды психологиялық механизм болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР Біздің эксперименттік анықтаушы зерттеуімізге төмендегідей болжам құрылды:

Болжам: Студенттердің ғылыми сала бойынша психологиялық парасаттылығының дамуында айырмашылық болмайды.

H_0 - Студенттердің ғылыми сала бойынша психологиялық парасаттылығының дамуында статистикалық мәнді айырмашылық жоқ.

H_1 – Студенттердің ғылыми сала бойынша психологиялық парасаттылығының дамуында статистикалық мәнді айырмашылық бар.

Студенттердің өзін-өзі реттеуін, өзіндік сана-сезімін және әлеуметтік саналылығын түсіну қабілеттері психологиялық парасаттылық құрылымдары ретінде қарастырылуы эксперименттік зерттеудің негізгі бағыты болып табылады. Осы тұжырымдама негізінде, «Психологиялық парасаттылық шкаласы» сауалнамасын америкалық авторлар Н. Conte, R. Plutchik және В. Jung (1990) құрастырған. Сауалнама 45 пункттен тұрады, бағалау Ликерт шкаласы бойынша 4 баллдық жүйемен жүргізіледі. Сауалнаманы толтырғанда, сынақ алушыға келесі жауаптардың бірін таңдау ұсынылады: «толықтай келіспеймін», «келіспеймін», «келісемін», «толықтай келісемін». Әр жауапқа ұпайлар беріледі, шкалалар кілт бойынша тексеріледі. Сауалнамада психологиялық парасаттылықтың бес факторлық құрылымы сипатталады[15, 25]:

1. Өз проблемаларына қатынас.
2. Өз проблемаларын аңғара алу.
3. Адамның өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу.
4. Өзінің және басқалардың мінез-құлқындағы мотивацияны түсіндіруге қызығушылық.
5. Жаңа тәжірибелерге (өзгерістерге) ашықтық.

Бұл сауалнаманы орыс тіліне М. А. Новикова мен Т. В. Корнилова (2014) бейімдеген. Біз осы нұсқаға қазақ тіліне децентрациялық аударма жасадық. Аудармаларға сарапшы ретінде Ерментаева А.Р., Ауталипова Ұ.И., Аяпбергенова А.Ж., Аубакирова Ж.Қ. орыс тілі -қазақ тілі – орыс тілі аудармаларын сынықтан өткіздік. Соның нәтижесінде орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі нұсқаларды эксперименттік таңдау топтарына жүргіздік. Сауалнама субъектінің жеке ішкі психикалық кейіпіне қозғалыс процестерін ашады және осылайша субъективті белгісіздікті жеңу, өзін-өзі түсіну мен өзіне деген қатынасты қалыптастыруға көмектеседі [4, 6]. Зерттеуге қатысқан студенттер ерікті түрде сауалнамаға қазақ тілінде де, орыс тілінде де жауап беру мүмкіндігіне ие болды. Зерттеуге ерікті түрде 1 курс студенттері қатысты. Біз оларды екі бағыт бойынша қоғамтану және жаратылыстану бағыты және әлеуметтік-гуманитарлық бағыт деп екі топқа бөліп алдық. Жалпы респонденттер саны 132.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУЛАР

Төмендегі кестеде қоғамтану және жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы студенттердің топтық статистикасы (Descriptive Statistics) ұсынылған. Ол екі тәуелсіз топтың белгілі бір айнымалылар бойынша сипаттамалық көрсеткіштерін салыстыру үшін қолданылады.

1-кесте. Қоғамтану және жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы студенттердің топтық статистикасы

Топтық статистика					
	Бағыт	N	Орташа мән	Станд. Ауытқу	Станд. Орташа қате мән
Өз проблемаларына қатынас	Қоғамтану және жаратылыстану бағыты	66	19,4091	2,94554	,36257
	Әлеуметтік гуманитарлық бағыт	66	18,9848	2,51453	,30952
Өз проблемаларын аңғара алу	Қоғамтану және жаратылыстану бағыты	66	15,5909	2,33355	,28724

	Әлеуметтік гуманитарлық бағыт	66	15,2121	2,23617	,27525
Адамның өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу	Қоғамтану және жаратылыстану бағыты	66	16,7879	2,30394	,28360
	Әлеуметтік гуманитарлық бағыт	66	16,4848	2,09205	,25751
Өзінің және басқалардың мінез-құлқындағы мотивацияны түсіндіруге қызығушылық	Қоғамтану және жаратылыстану бағыты	66	13,5000	2,70754	,33328
	Әлеуметтік гуманитарлық бағыт	66	14,0152	3,12061	,38412
Жаңа тәжірибелерге (өзгерістерге) ашықтық	Қоғамтану және жаратылыстану бағыты	66	15,3030	2,09005	,25727
	Әлеуметтік гуманитарлық бағыт	66	14,0606	2,13310	,26257

Бірінші кестеде топтық статистика өлшемі ұсынылған. Төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік.

1. *Өз проблемаларына қатынас сапасы бойынша:* Қоғамтану және жаратылыстану бағыты ($M=19,41$; $SD=2,95$); Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт ($M=18,98$; $SD=2,51$).

Қоғамтану және жаратылыстану бағытындағы студенттер өз мәселелеріне біршама жоғары жауапкершілікпен қарайды. Бұл олардың шешім қабылдау кезінде аналитикалық тәсілді қолданатынын және нақты шешімдер іздеуге бейім екенін көрсетеді. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылар өз проблемаларына аздап жеңіл көзқараспен қарайтын сияқты, бұл олардың эмоционалды қолдауға және әлеуметтік қолдау жүйесіне сүйенетінін білдіруі мүмкін.

2. *Өз проблемаларын аңғара алу сапасы бойынша:* Қоғамтану және жаратылыстану бағыты ($M=15,59$; $SD=2,33$); Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт ($M=15,21$; $SD=2,24$).

Екі топтың көрсеткіштері жақын. Бұл студенттердің өз проблемаларын анықтаудағы қабілет деңгейлерінің ұқсастығын көрсетеді. Қоғамтану және жаратылыстану бағытындағылардың сәл жоғары көрсеткіші олардың талдау қабілетінің күштірек болуымен түсіндірілуі мүмкін.

3. *Өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу сапасы бойынша:* Қоғамтану және жаратылыстану бағыты ($M=16,79$; $SD=2,30$); Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт ($M=16,48$; $SD=2,09$). Екі топта да бұл көрсеткіш жоғары, бұл студенттердің әлеуметтік қолдаудың маңыздылығын түсінетінін көрсетеді. Қоғамтану және жаратылыстану бағытындағылар проблемаларды шешуде басқалармен ақылдасуға бейім, ал әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылар эмпатия мен қолдау алу үшін басқаларға жүгінеді.

4. *Өзінің және басқалардың мінез-құлқындағы мотивацияны түсіндіруге қызығушылық сапасы бойынша:* Қоғамтану және жаратылыстану бағыты ($M=13,50$; $SD=2,71$); Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт ($M=14,02$; $SD=3,12$).

Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылардың бұл көрсеткіші жоғары, бұл олардың адамдардың мінез-құлқы мен әрекеттерінің астарындағы себептерге қызығушылығының күшті екенін білдіреді. Қоғамтану және жаратылыстану бағытындағылардың көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмендеу, бұл олардың әрекеттерге көбірек логикалық және объективті тұрғыдан қарайтынын білдіреді.

2. *Жаңа тәжірибелерге (өзгерістерге) ашықтық сапасы бойынша:* Қоғамтану және жаратылыстану бағыты ($M=15,30$; $SD=2,09$); Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт ($M=14,06$; $SD=2,13$).

Ал енді осы көрсеткіштерді диаграмма бойынша қарастырсақ:



Жалпы көрсеткіштер бойынша қоғамтану және жаратылыстану бағытындағы студенттер жаңа тәжірибелерге ашықтық көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелерге ие. Бұл олардың зерттеулерге, инновацияларға және жаңа ақпаратты меңгеруге бейімділігін көрсетеді. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағыларда бұл көрсеткіш төмендеу, бұл олардың жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігіне консервативті көзқараспен қарайтынын білдіруі мүмкін.

Қоғамтану және жаратылыстану бағытындағы студенттер өз мәселелерін аналитикалық тұрғыда шешуге бейім, жаңалыққа ашық, бірақ басқалардың мінез-құлқын түсіндіруде қызығушылығы төменірек. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылар адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерттеуге қызығушылық танытады, эмоционалдық қолдауға бейім, бірақ өзгерістерге бейімделуде кейбір сақтықты байқатады. Екі топ та проблемаларды бөлісудің маңыздылығын түсінеді, бұл олардың әлеуметтік қолдау алу қажеттілігінен хабар береді.

Осы өлшемдерге сәйкес студенттердің психологиялық парасаттылығының айырмашылығын 2 кестеде талдап көрейік:

2 -кесте. Студенттердің психологиялық парасаттылығының айырмашылығы

Тәуелсіз таңдаулардың өлшемі											
		Ливинь дисперсиясы теңдігінің критерийі	t - орташа өлшемдер теңдігі үшін								
			F	мағынасы.	t	ст.	мағынасы. (екі жақты)	Орташа айырмашылық	Айырмашылықтың орташа квадраттық кәтелігі	Айырмашылық үшін 95% сенімділік аралығы	
										Төменгі	Жоғарғы
Өз пробле-маларына катынас	Тең диспер-сиялар бол-жалы	2,905	,091	,890	130	,375	,42424	,47672	-,51888	1,36737	

	Тең дисперсиялар күтілмейді			,890	126,877	,375	,42424	,47672	-,51910	1,36759
Өз проблемаларын аңғара алу	Тең дисперсиялар болжанады	1,358	,246	,952	130	,343	,37879	,39783	-,40828	1,16585
	Тең дисперсиялар күтілмейді			,952	129,765	,343	,37879	,39783	-,40829	1,16587
Адамның өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу	Тең дисперсиялар болжанады	1,026	,313	,791	130	,430	,30303	,38307	-,45482	1,06088
	Тең дисперсиялар күтілмейді			,791	128,808	,430	,30303	,38307	-,45489	1,06095
Өзінің және басқалардың мінез-құлқындағы мотивацияны түсіндіруге қызығушылық	Тең дисперсиялар болжанады	,054	,816	-1,013	130	,313	-,51515	,50855	-1,52125	,49095
	Тең дисперсиялар күтілмейді			-1,013	127,464	,313	-,51515	,50855	-1,52144	,49114
Жаңа тәжірибелерге (өзгерістерге) ашықтық	Тең дисперсиялар болжанады	,011	,916	3,380	130	,001	1,24242	,36760	,51518	1,96967
	Тең дисперсиялар күтілмейді			3,380	129,946	,001	1,24242	,36760	,51517	1,96967

Тәуелсіз таңдаулардың өлшемдерінің интерпретациясы төмендегіше болды:

Өз проблемаларына қатынас сапасы бойынша: $t(130) = 0,890$, $p = 0,375$; Орташа айырмашылық: 0,424 (95% CI: -0,519 – 1,367).

Екі топ арасында өз проблемаларына қатынас тұрғысынан елеулі айырмашылық байқалмады ($p > 0,05$). Орташа мәндердің шамалы айырмашылығы студенттердің проблемаларға көзқарасының ұқсас екенін көрсетеді. Бұл олардың өз мәселелерін басқаруда бірдей деңгейде жауапкершілік сезінуін білдіруі мүмкін.

Өз проблемаларын аңғара алу сапасы бойынша: $t(130) = 0,952$, $p = 0,343$; Орташа айырмашылық: 0,379 (95% CI: -0,408 – 1,166).

Бұл көрсеткіш бойынша да топтар арасында айтарлықтай айырмашылық анықталмады ($p > 0,05$). Бұл олардың өз проблемаларын тану және талдау қабілеттерінің бірдей деңгейде екенін көрсетеді. Бұл студенттердің өз эмоцияларын түсіну және шешім қабылдау процестерінде салыстырмалы түрде ұқсас тәсіл қолданатынын білдіреді.

Адамның өз проблемаларын басқалармен бөлісудің пайдалы жақтарын білу сапасы бойынша: $t(130) = 0,791$, $p = 0,430$; Орташа айырмашылық: 0,303 (95% CI: -0,455 – 1,061).

Бұл жерде де статистикалық маңызды айырмашылық анықталмады ($p > 0,05$). Бұл студенттердің әлеуметтік қолдау алудың маңыздылығын бірдей деңгейде түсінетінін көрсетеді. Олар үшін проблемаларды бөлісу қарым-қатынасты нығайту және қиындықтарды шешу құралы болып табылады.

Өзінің және басқалардың мінез-құлқындағы мотивацияны түсіндіруге қызығушылық сапасы бойынша: $t(130) = -1,013$, $p = 0,313$; Орташа айырмашылық: -0,515 (95% CI: -1,521 – 0,491). Екі топ арасында мінез-құлық мотивациясын түсінуге деген қызығушылық бойынша да статистикалық маңызды айырмашылық байқалмады ($p > 0,05$). Бұл студенттердің мотивацияны түсіндіруге деген жалпы қызығушылығы орташа деңгейде екенін және олардың басқалардың әрекеттерін түсінуге тырысатынын білдіреді.

Жаңа тәжірибелерге (өзгерістерге) ашықтық сапасы бойынша: $t(130) = 3,380$, $p = 0,001$; Орташа айырмашылық: 1,242 (95% CI: 0,515 – 1,970). Бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай айырмашылық бар ($p < 0,05$). Қоғамтану және жаратылыстану бағыты студенттері жаңа

тәжірибелер мен өзгерістерге едәуір ашық. Бұл олардың жаңа идеяларды қабылдауға, жаңа жағдайларға бейімделуге дайын екенін көрсетеді. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылар консервативтілеу болуы мүмкін, бұл олардың таныс және тұрақты ортаны қалауын білдіруі мүмкін.

Жалпы, төрт көрсеткіш бойынша екі топ арасында маңызды статистикалық айырмашылық байқалмады, бұл студенттердің мәселелерді басқару, әлеуметтік қолдау алудың маңыздылығын түсіну, басқалардың мінез-құлқын зерттеуге қызығушылық сияқты аспектілер бойынша ұқсастығын көрсетеді.

Жаңа тәжірибелерге ашықтықтың айтарлықтай жоғары болуы қоғамтану және жаратылыстану бағыты студенттерінің жаңа ақпаратты қабылдауға және күрделі жағдайларда шешім іздеуге көбірек бейім екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер олардың логикалық ойлауға, эксперименттер мен инновацияларға көбірек мән беретінін айғақтайды.

Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылар үшін әлеуметтік қолдау, қарым-қатынасты нығайту маңыздырақ болып көрінеді, бірақ олар өзгерістерге баяу бейімделуі мүмкін. Бұл консервативтілік немесе өзгерістерге қатысты сақтықтың көрінісі болуы мүмкін.

Бұл айырмашылықтар студенттердің мамандықтарына сәйкес тұлғалық қасиеттерінің және мінез-құлықтық реакцияларының әртүрлі деңгейлерін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Бұл шкаланы зерттеуіміз бойынша психологиялық парасаттылықтың қазіргі жағдайдағы психология ғылымында психологиялық денсаулығы бар студенттерде зерттеу жүргізілмеген деуге болады. Біз зерттеуімізге алғышарт болатындай шетелдік ғалымдардың С.А. Аппельбаум, С.Дж. Доллингер, Р.Л. Хэтче, С.Л. Хэтчер, Б.А. Фарбер, Х.Р. Конте, М.А. Новикова және Т.В. Корнилова зерттеулері бар. Осы ғалымдардың зерттеулеріне негізделе отырып біз өз анықтамамызды анықтадық.

Біз зерттеуіміз бойынша қазіргі кезде студенттердің өз мінез-құлықтарын бақылау, әртүрлі буллингтік ситуацияға түспеу, өз өмір сапаларын көтеру үшін психологиялық парасаттылықтың даму деңгейлерін көргіміз келді. Сондықтан студенттерге зерттеу жүргіздік, оларды екі топқа ажыраттық. Зерттеуге жалпы ерікті түрде 132 студент қатысты. Шыққан нәтиже бойынша жалпы, төрт шкала бойынша екі топ арасында маңызды статистикалық айырмашылық байқалмады, бұл студенттердің мәселелерді басқару, әлеуметтік қолдау алудың маңыздылығын түсіну, басқалардың мінез-құлқын зерттеуге қызығушылық сияқты аспектілер бойынша ұқсастығын көрсетеді.

Соңғы бесінші шкала бойынша тәжірибелерге ашықтықтың айтарлықтай жоғары болуы қоғамтану және жаратылыстану бағыты студенттерінің жаңа ақпаратты қабылдауға және күрделі жағдайларда шешім іздеуге көбірек бейім екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер олардың логикалық ойлауға, эксперименттер мен инновацияларға көбірек мән беретінін айғақтайды. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағылар үшін әлеуметтік қолдау, қарым-қатынасты нығайту маңыздырақ болып көрінеді, бірақ олар өзгерістерге баяу бейімделуі мүмкін. Бұл консервативтілік немесе өзгерістерге қатысты сақтықтың көрінісі болуы ықтимал. Олай болса біздің болжамымыз дәлелденді. Ендігі кезекте олардың тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциялық интеллектісін, дифференциальді рефлексивтілігін ары қарай зерттейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Карпов А.В. Рефлексивность как психическое свойство и методика ее диагностики // Психологический журнал. 2003 Т. 24 № 5 С. 45–57.
2. Корнилова Т.В. Новый опросник толерантности к неопределенности // Психологический журнал. 2010 Т. 31 № 1 С. 74–86.
3. Корнилова Т.В. Психология неопределенности: единство интеллектуально-личностной регуляции решений и выборов // Психологический журнал. 2013 Т. 34 № 3 С. 89–100.
4. Корнилова Т.В., Новикова М.А. Самооценка в структуре интеллектуально-личностного потенциала человека // Психологический журнал. 2011 Т. 32 №2 С. 25–35.

5. Корнилова Т.В., Новотоцкая-Власова Е.В. Соотношение уровней нравственного самосознания личности, эмоционального интеллекта и принятия неопределенности // *Вопросы психологии*. 2009 № 6 С. 61–70.
6. Корнилова Т.В., Чумакова М.А., Корнилов С.А., Новикова М.А. Психология неопределенности: единство интеллектуально-личностного потенциала человека. М.: Смысл, 2010
7. Люсин Д.В., Марютина О.О., Степанова А.С. Структура эмоционального интеллекта и связь его компонентов с индивидуальными особенностями: эмпирический анализ / Под ред. Д.В. Ушакова и Д.В. Люсина. М.: Изд-во "Институт психологии РАН", 2004 С. 129–140.
8. Петровский В.А. Психология неадаптивной активности. М.: Горбунук, 1992
9. Appelbaum S. Psychological-mindedness: word, concept and essence // *International Journal of Psychoanalysis*. 1973 V. 54 P. 35–46.
10. Bagby R., Taylor G., Parker J. The twenty-item Toronto Alexithymia Scale-II: convergent, discriminant, and concurrent validity // *Journal of Psychosomatic Research*. 1994 № 38 P. 33–40.
11. Beitel M., Cecero J. Predicting psychological mindedness from personality style and attachment security // *Journal of Clinical Psychology*. 2003 № 59 P. 1–10.
12. Beitel M., Ferrer E., Cecero J. Psychological mindedness and cognitive style // *Journal of Clinical Psychology*. 2004 V. 60 (6). P. 567–582.
13. Chamorro-Premuzic T., Furnham A. Self-assessed intelligence and academic performance // *Educational Psychology*. 2006 V. 26 № 6 P. 769–779.
14. Conte H., Plutchik R., Jung B. Psychological mindedness as a predictor of psychotherapy outcome // *Comprehensive Psychiatry*. 1990 № 31 P. 426–431.
15. Conte H., Buckley P., Picard S., Karasu T. Relations between psychological mindedness and personality traits and ego functioning: Validity studies // *Comprehensive Psychiatry*. 1995 № 36 P. 11–17.
16. Conte H., Ratto R., Karasu T. The Psychological Mindedness Scale: Factor structure and relationship to outcome of psychotherapy // *Journal of Psychotherapy Research and Practice*. 1996 № 5 P. 250–259.
17. Costa P., McCrae R. Revised NEO Personality Inventory (NEO-PI-R) and NEO Five-Factor Inventory (NEO-FFI): Professional manual. Odessa, FL: Psychological Assessment Resources, 1992
18. Farber B. The genesis, development and implications of psychological mindedness in psychotherapists // *Psychotherapy*. 1985 № 22 P. 170–177.
19. Fenigstein A., Scheier M., Buss A. Public and private self-consciousness: assessment and theory // *Consulting Clinical Psychology*. 1975 № 43 P. 522–527.
20. Fogel G. Psychological mindedness as defense // *Journal of the American Psychoanalytic Association*. 1993 № 43 P. 793–822.
21. Gough H. Manual of the California Psychological Inventory. CA: Consulting Psychologists, 1969
22. Kabat-Zinn J. Full catastrophe living: Using the wisdom of your body and mind to face stress, pain and illness. N.Y.: Delacourt, 1990
23. McCallum M., Piper W.E. Psychological mindedness and emotional intelligence // *The handbook of emotional intelligence* / Eds. R. Bar-On and J.D.A. Parker. SF: Jossey-Bass, 2000 P. 118–135.
24. Shill M.A., Lumley M.A. The Psychological Mindedness Scale: Factor structure, convergent validity and gender in a non-psychiatric sample // *Psychology and Psychotherapy: Theory, Research and Practice*. 2002 № 75 P. 131–150.
25. Наследов А. H31 SPSS 19: профессиональный статистический анализ данных. — СПб.: Питер, 2011. — 400 с.
26. Столин В.В. Самосознание личности. - М.: Издательство Московского Университета, 1983. - 284 с.
27. Ловягина А. Е. Л68 Теория и методы психической саморегуляции. — СПб.: Скифияпринт, 2020. — 144 с.

References:

1. Karpov A.V. Reflexivity as a mental property and a method of its diagnosis // *Psychological journal*. 2003 Vol. 24 No. 5 pp. 45-57.
2. Kornilova T. In The New questionnaire of tolerance to uncertainty // *Psychological journal*. 2010 Vol. 31 No. 1 pp. 74-86.
3. Kornilova T.V. Psychology of uncertainty: unity of intellectual and personal regulation of decisions and elections // *Psychological Journal*. 2013 Vol. 34 No. 3 pp. 89-100.
4. Kornilova T.V., Novikova M.A. Self-esteem in the structure of intellectual and personal potential of a person // *Psychological Journal*. 2011 Vol. 32 No. 2 pp. 25-35.
5. Kornilova T.V., Novototskaya-Vlasova E.V. Correlation of levels of moral self-awareness of personality, emotional intelligence and acceptance of uncertainty // *Questions of psychology*. 2009 No. 6 pp. 61-70.
6. Kornilova T.V., Chumakova M.A., Kornilov S.A., Novikova M.A. *Psychology of uncertainty: unity of intellectual and personal potential of a person*. M.: Sense, 2010
7. Lyusin D.V., Maryutina O.O., Stepanova A.S. The structure of emotional intelligence and the relationship of its components with individual characteristics: an empirical analysis / Edited by D.V. Ushakov and D.V. Lyusin. M.: Publishing house "Institute of Psychology of the Russian Academy of Sciences", 2004 pp. 129-140.
8. Petrovsky V.A. *Psychology of maladaptive activity*. M.: Gorbunok, 1992
9. Appelbaum S. Psychological-mindedness: word, concept and essence // *International Journal of Psychoanalysis*. 1973 V. 54 P. 35-46.
10. Bagby R., Taylor G., Parker J. The twenty-item Toronto Alexithymia Scale-II: convergent, discriminant, and concurrent validity // *Journal of Psychosomatic Research*. 1994 № 38 P. 33-40.
11. Beitel M., Cecero J. Predicting psychological mindedness from personality style and attachment security // *Journal of Clinical Psychology*. 2003 № 59 P. 1-10.
12. Beitel M., Ferrer E., Cecero J. Psychological mindedness and cognitive style // *Journal of Clinical Psychology*. 2004 V. 60 (6). P. 567-582.
13. Chamorro-Premuzic T., Furnham A. Self-assessed intelligence and academic performance // *Educational Psychology*. 2006 V. 26 № 6 P. 769-779.
14. Conte H., Plutchik R., Jung B. Psychological mindedness as a predictor of psychotherapy outcome // *Comprehensive Psychiatry*. 1990 № 31 P. 426-431.
15. Conte H., Buckley P., Picard S., Karasu T. Relations between psychological mindedness and personality traits and ego functioning: Validity studies // *Comprehensive Psychiatry*. 1995 № 36 P. 11-17.
16. Conte H., Ratto R., Karasu T. The Psychological Mindedness Scale: Factor structure and relationship to outcome of psychotherapy // *Journal of Psychotherapy Research and Practice*. 1996 № 5 P. 250-259.
17. Costa P., McCrae R. *Revised NEO Personality Inventory (NEO-PI-R) and NEO Five-Factor Inventory (NEO-FFI): Professional manual*. Odessa, FL: Psychological Assessment Resources, 1992
18. Farber B. The genesis, development and implications of psychological mindedness in psychotherapists // *Psychotherapy*. 1985 № 22 P. 170-177.
19. Fenigstein A., Scheier M., Buss A. Public and private self-consciousness: assessment and theory // *Consulting Clinical Psychology*. 1975 № 43 P. 522-527.
20. Fogel G. Psychological mindedness as defense // *Journal of the American Psychoanalytic Association*. 1993 № 43 P. 793-822.
21. Gough H. *Manual of the California Psychological Inventory*. CA: Consulting Psychologists, 1969
22. Kabat-Zinn J. *Full catastrophe living: Using the wisdom of your body and mind to face stress, pain and illness*. N.Y.: Delacourt, 1990
23. McCallum M., Piper W.E. Psychological mindedness and emotional intelligence // *The handbook of emotional intelligence* / Eds. R. Bar-On and J.D.A. Parker. SF: Jossey-Bass, 2000 P. 118-135.